

ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ӨНІМДІЛІККЕ НЕГІЗДЕЛГЕН НАВИГАЦИЯНЫ (PBN) ҚОЛДАНЫП ҰШУЛАРДЫ ОРЫНДАУЫ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ МАТЕРИАЛ

ТЕХНИЧЕСКИЙ ИНСТРУКТИВНЫЙ МАТЕРИАЛ ПО ВЫПОЛНЕНИЮ ЭКСПЛУАТАНТАМИ ПОЛЕТОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ НАВИГАЦИИ, ОСНОВАННОЙ НА ХАРАКТЕРИСТИКАХ (PBN)

TECHNICAL GUIDANCE MATERIAL ON PERFORMANCE-BASED NAVIGATION (PBN) OPERATIONS FOR AIR OPERATORS




Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of Issue: 11/09/2026




Мәртебесі / Status / Статус: [Approved]

Құжатқа жауапты / Ответственный за документ /Owner:

Директор ДЛЭ / Director FOPS

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ /
ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ /
APPROVAL SHEET

	Лауазымы / Должность / Job Title	Күні / Дата / Date	Қолы / Подпись / Signature
Өзірленген / Разработано/ Prepared by:			
Серик Ахметов / Serik Akhmetov	Специалист по авиационным стандартам департамента летной эксплуатации / Flight Operations Standardization Officer	15.09.2026	
Келісілді / Согласовано / Agreed by:			
Юньков Олексий Вячеславович / Oleksiy Yunkov	Ұшуға пайдалану Департаментінің коммерциялық әуе көлігі басқармасының басшысы - бас авиациялық инспектор / Руководитель управления коммерческого воздушного транспорта Департамента летной эксплуатации – главный авиационный инспектор / Head of commercial air transport division of flight Operations Department – chief aviation inspector	18.09.2026	
ЗИЯ КАБИР / ZIA KABIR	Ұшуға пайдалану Департаментінің директоры – бас авиациялық инспектор / Директор Департамента летной эксплуатации – главный авиационный инспектор / Director of flight operations Department – chief aviation inspector	18.09.26	
Аденов Галым Маратович / Galym Aderov	Ұшуға жарамдылық Департаментінің директоры – бас авиациялық инспектор / Директор Департамента летной годности – главный авиационный инспектор / Director of department of airworthiness – chief aviation inspector	18.09. 2026	
Есмұрзаева Айгерим Сериковна / Aigerim Yesmurzaeva	Басқару жүйесі және норма жасау Департаментінің авиациялық стандарттар және ИКАО стандарттары мен ұсынылатын тәжірибелерді енгізу басқармасының басшысы / Руководитель Управления по авиационным стандартам и внедрению стандартов и рекомендуемой практики ИКАО Департамента системы управления и нормотворчества / Head of standardization and ICAO SARPs implementation division of management systems and rulemaking Department	18.09.2026	
Курносков Данил Викторович / Danil Kurnossov	Басқару жүйесі және норма жасау Департаментінің директоры – бас авиациялық инспектор / Директор Департамента системы управления и нормотворчества – главный авиационный инспектор / Director of management systems and rulemaking Department – chief aviation inspector	18.09. 2026	
Торебаев Ерлан Серикжанович / Yerlan Torebayev	Сапа және стандарттарға сәйкестік басқармасының басшысы / Руководитель управления качества и соответствия стандартам / Head of quality and compliance division	18.09. 2026	

Абдугалимов Жанат Дулатович / Zhanat Abdugalimov	Ұшу қауіпсіздігі, стратегия, стандарттау және үйлестіру жөніндегі басқарушы директор / Управляющий директор по безопасности полетов, стратегии, стандартизации и гармонизации / Managing director for Flight Safety, Strategy, Standardization and Harmonization	18.09. 2026	
Сатжанов Аслан Маратович / Aslan Satzhanov	Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі атқарушы директор - Басқарма мүшесі / Исполнительный директор по безопасности полетов-член Правления / Executive flight safety officer-member of Management Board	18.09. 2026	
Бекітілді / Утверждено / Approved by:			
Дэниел Майкл Юджин / Michael Eugene Daniel	Бас атқарушы директор – Басқарма Төрағасы/ Главный исполнительный директор – Председатель Правления / Chief Executive Officer – Chairman of the Management Board	18.09. 2026	

РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ /
ЛИСТ РЕДАКЦИЙ /
REVISION SHEET

Басылым №/ № изд./ Rev. #/	Күні / Дата / Date	Редакция / Редакция / Revision
1.0	11.09.2026	Алғашқы басылым / Первоначальный / Initial issue

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES

Басылым № / № Раздела/ Section No. /	Бет № / Стр. № / Page No.	Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of issue
КЕЛІСУ ПАРАҒЫ / ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ / APPROVAL SHEET	2-3	11/09/2026
РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕДАКЦИЙ / REVISION SHEET	4-4	11/09/2026
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES	5-5	11/09/2026
МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT	6-7	11/09/2026
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	8-14	11/09/2026
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	15-17	11/09/2026
БӨЛІМ А	18-26	11/09/2026
РАЗДЕЛ В	27-35	11/09/2026
SECTION C	36-42	11/09/2026
ҚОСЫМШАЛАР / ПРИЛОЖЕНИЯ / APPENDICES	43-44	11/09/2026

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ / ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ / APPROVAL SHEET	2
РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕДАКЦИЙ / REVISION SHEET	4
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES	5
МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT	6
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	8
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	15
БӨЛІМ А.....	18
A.1 Жалпы ережелер	18
A.2 PBN тұжырымдамасы	19
A.3 Пайдаланушының жауапкершілігі	20
A.4 PBN пайдалану рұқсатын алу және өзгерту	20
A.5 Өтініш	20
A.6 Әуе кемесінің жарамдылығы	21
A.7 Пайдалану рәсімдері.....	21
A.8 Ең аз жабдықтар тізбесі (MEL).....	22
A.9 Персоналды даярлау және біліктілігі	22
A.10 Навигациялық деректер.....	23
A.11 Техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығын сақтау	23
A.12 Жекелеген навигациялық ерекшеліктер	23
A.13 RNP AR APCH	24
A.14 PBN пайдалану рұқсатына әсер ететін өзгерістер	24
A.15 Тұрақты сәйкестік.....	25
A.16 Құжаттама және жазбалар.....	25
A.17 Қорытынды ережелер	25
РАЗДЕЛ В.....	27
B.1 Общие положения	27
B.2 Концепция PBN	28
B.3 Ответственность эксплуатанта	28
B.4 Получение и изменение эксплуатационного утверждения PBN	29
B.5 Заявление	29
B.6 Соответствие воздушного судна.....	30
B.7 Эксплуатационные процедуры	30
B.8 Перечень минимального оборудования (MEL).....	31
B.9 Подготовка и квалификация персонала	31
B.10 Навигационные данные	32
B.11 Техническое обслуживание и поддержание летной годности	32
B.12 Отдельные навигационные спецификации	32
B.13 RNP AR APCH.....	33
B.14 Изменения, влияющие на эксплуатационное утверждение PBN	33
B.15 Постоянное соответствие	34
B.16 Документирование и записи	34
B.17 Заключительные положения	35
SECTION C.....	36
C.1 General Provisions	36
C.2 PBN Concept	36
C.3 Operator Responsibility	37
C.4 Obtaining and Amending a PBN Operational Authorization	37
C.5 Application.....	37
C.6 Aircraft Eligibility.....	38
C.7 Operating Procedures.....	38

C.8 Minimum Equipment List (MEL)	39
C.9 Personnel Training and Qualification	39
C.10 Navigation Data	39
C.11 Maintenance and Continuing Airworthiness	40
C.12 Individual Navigation Specifications	40
C.13 RNP AR APCH	40
C.14 Changes Affecting the PBN Operational Authorization	41
C.15 Continued Compliance	41
C.16 Documentation and Records	42
C.17 Final Provisions	42
ҚОСЫМШАЛАР / ПРИЛОЖЕНИЯ / APPENDICES	43
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / APPENDIX 1	44

ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS

ҚАӘ	«Қазақстан авиациялық әкімшілігі» Акционерлік Қоғамы
ААК	Акционерное Общество «Авиационная администрация Казахстана»
ААК	«Aviation Administration of Kazakhstan» JSC
АҚ	Авиациялық қауіпсіздік
АБ	Авиационная безопасность
AvSec	Aviation Security
АП	Авиациялық персонал
	Авиационный персонал
АР	Aviation Personnel
ҰҚ	Ұшу қауіпсіздігі
БП	Безопасность полетов
FS	Flight Safety
ӘК	Әуе кемесі
ВС	Воздушное судно
АС	Aircraft
ҰЖД	Ұшуға жарамдылық департаменті
ДЛГ	Департамент летной годности
AIR	department of airworthiness
ҰПД	Ұшуға пайдалану департаменті
ДЛЭ	Департамент летной эксплуатации
FOPS	Flight operations department
ИКАО	Халықаралық азаматтық авиация ұйымы
	Международная организация гражданской авиации
ICAO	International Civil Aviation Organization
КГА	Азаматтық авиация комитеті
	Комитет гражданской авиации
CAC	Civil Aviation Committee
КБҚ	Командалық-басшылық құрам
КРС	Командно-руководящий состав
MGMT	Management Staff
КҰҚ	Командалық-ұшу құрамы
КЛС	Командно-летный состав
FC	Flight Crew
КДСК	Кәсіби деңгейді сақтау курсы
КППУ	Курс поддержания профессионального уровня
RT	Recurrent Training
ҚР ИДМ	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
МИИР РК	Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан
MIID RK	Ministry of Industry and Infrastructure Development of the Republic of Kazakhstan
ӘҚҚК	Әуе қозғалысына қызмет көрсету
ОВД	Обслуживание воздушного движения
ATS	Air Traffic Services
ҚЖ	Қауіпті жүктер
ОГ	Опасные грузы
DG	Dangerous Goods



КШҰҚ ПВП VFR	Көзбен шолып ұшу қағидалары Правила визуального полета Visual Flight Rules
ТШЖ ПКД CAP	Түзету іс шаралары жоспары План корректирующих действий Corrective Action Plan
АБҰҚ ППП IFR	Аспаптар бойынша ұшу қағидалары Правила полета по приборам Instrument Flight Rules
ҰҚБЖ СУБП SMS	Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі Система управления безопасностью полетов Safety Management System
ҚР РК RK	Қазақстан Республикасы Республика Казахстан Republic of Kazakhstan
ҰЖН РПП ОМ	Ұшуларды жүргізу бойынша нұсқаулық Руководство по производству полётов Operations Manual / Flight Operations Manual
ПС СЭ АОС	Пайдаланушы сертификаты Сертификат эксплуатанта Air Operator Certificate
СТ СО СІ	Сертификаттық тексеру Сертификационное обследование Certification Inspection
ПЕ ЭС OpSpecs	Пайдалану ерекшеліктері Эксплуатационные спецификации Operations Specifications
ОТО АМО	Бекітілген техникалық қызмет көрсету ұйымы Утвержденная организация по техническому обслуживанию Approved Maintenance Organization
ӘӘПК АППК ARPC	Әкімшілік рәсімдік және процестік кодексі Административтік процедуралық және процестік кодекс Administrative Procedural and Process-Related Code
БСН БИН BIN	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі Бизнес-идентификационный номер Business Identification Number
ҰЖҚҰ ОПЛГ CAMO	Ұшуға жарамдылықты қолдау ұйымы Организация по поддержанию летной годности Continuing Airworthiness Management Organization
CDL	Конфигурациялық ауытқулар тізімі Перечень допустимых отклонений конфигурации Configuration Deviation List
ЭСҚ ЭЦП EDS	Электрондық сандық қолтаңба Электронно-цифровая подпись Electronic Digital Signature
EDTO	Ұзартылған ауытқу уақытындағы ұшу операциялары Операции при увеличенном времени ухода на запасной аэродром Extended Diversion Time Operations



EFB	Электрондық ұшу планшеті Электронный полетный планшет Electronic Flight Bag
LVO	Төмен көріну жағдайындағы ұшу операциялары Операции при низкой видимости Low-Visibility Operations
АЕК МРП МСІ	Ай сайынғы есептік көрсеткіш Месячный расчетный показатель Monthly Calculation Index
MEL	Минимумды құрал-жабдықтар тізімі Перечень минимального оборудования Minimum Equipment List
ТҚРН РРТО МММ	Техникалық қызмет көрсету регламенттерінің нұсқаулығы Руководство по регламентам технического обслуживания Operator's Maintenance Regulation Manual
MNPS	Минималды навигациялық өнімділік спецификациясы Спецификации минимальных навигационных характеристик Minimum Navigation Performance Specifications
MTOW	Максималды ұшу салмағы Максимальная взлетная масса Maximum Take-off Weight
PBCS	Өнімділікке негізделген байланыс және бақылау Навигация, основанная на характеристиках связи и наблюдения Performance-Based Communication and Surveillance
PBN	Өнімділікке негізделген навигация Навигация, основанная на характеристиках Performance-Based Navigation
POPS	Болжалды оператордың алдын ала мәлімдемесі Предварительное заявление предполагаемого оператора Pre-Application Statement
AFCS	Ұшуды автоматты басқару жүйесі Автоматическая система управления полетом Automatic Flight Control System
CAT	Санат (қонуға дәлме-дәл кіру және қону санаты) Категория (точного захода на посадку и посадки) Category (of precision approach and landing)
DH	Шешім қабылдаудың салыстырмалы биіктігі Относительная высота принятия решения Decision Height
GM	Нұсқаулық материал Инструктивный материал Guidance Material
RVR	ҰҚЖ-дағы көріну қашықтығы Дальность видимости на ВПП Runway Visual Range
SAFA	Шетелдік әуе кемелерінің қауіпсіздігін бағалау Оценка безопасности иностранных воздушных судов Safety Assessment of Foreign Aircraft

AFM	Ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулық Руководство по летной эксплуатации Aircraft Flight Manual
ASE	Биіктік өлшеу жүйесінің қателігі Погрешность высотомерной системы Altimetry System Error
ATC	Әуе қозғалысын басқару Управление воздушным движением Air Traffic Control
CFL	Рұқсат етілген ұшу эшелоны Разрешенный эшелон полета Cleared Flight Level
FL	Ұшу эшелоны Эшелон полета Flight Level
FTE	Ұшуды басқару техникасының қателігі Погрешность техники пилотирования Flight Technical Error
GMS	GPS негізіндегі мониторинг жүйесі Система мониторинга на основе GPS GPS-based Monitoring System
HMU	Биіктікті бақылау станциясы Станция контроля высоты Height Monitoring Unit
ICA	Ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі нұсқаулар Инструкции по поддержанию летной годности Instructions for Continuing Airworthiness
LHD	Биіктік бойынша үлкен ауытқу Большое отклонение по высоте Large Height Deviation
MASPS	Борттық жүйелердің ең төменгі сипаттамаларына қойылатын техникалық талаптар Технические требования к минимальным характеристикам бортовых систем Minimum Aircraft System Performance Specification
RMA	Өңірлік мониторинг агенттігі Региональное агентство мониторинга Regional Monitoring Agency
TLS	Ұшу қауіпсіздігінің нысаналы деңгейі Целевой уровень безопасности полетов Target Level of Safety
TVE	Биіктік бойынша жиынтық қателік Суммарная погрешность по высоте Total Vertical Error
VSM	Тік эшелондау минимумы Минимум вертикального эшелонирования Vertical Separation Minimum
SB	Сервистік бюллетень Сервисный бюллетень Service Bulletin

TVE	Биіктік бойынша жиынтық қателік Суммарная погрешность по высоте Total Vertical Error
TGM	Техникалық нұсқаулық материал Технический инструктивный материал Technical Guidance Material
RVSM	Тік эшелондаудың қысқартылған минимумы Сокращенный минимум вертикального эшелонирования Reduced Vertical Separation Minimum
ABAS	Борттық функционалдық толықтыру жүйесі Бортовая система функционального дополнения Aircraft-Based Augmentation System
ADS-B	Хабар тарататын автоматты тәуелді бақылау Радиовещательное автоматическое зависимое наблюдение Automatic Dependent Surveillance – Broadcast
ADS-C	Келісімшарттық автоматты тәуелді бақылау Контрактное автоматическое зависимое наблюдение Automatic Dependent Surveillance – Contract
AIP	Аэронавигациялық ақпарат жинағы Сборник аэронавигационной информации Aeronautical Information Publication
APV	Тік бағыттауы бар қонуға кіру схемасы Схема захода на посадку с вертикальным наведением Approach with Vertical Guidance
CDI	Курстан ауытқу индикаторы Индикатор отклонения от курса Course Deviation Indicator
CDU	Басқару және индикация блогы Блок управления и индикации Control Display Unit
CFIT	Жарамды әуе кемесінің жермен соқтығысуы Столкновение исправного воздушного судна с землей Controlled Flight Into Terrain
CRC	Циклдік артық код бойынша бақылау Контроль с использованием циклического избыточного кода Cyclic Redundancy Check
CRM	Соқтығысу қаупінің моделі Модель риска столкновения Collision Risk Model
DME	Қашықтық өлшеуіш жабдық Дальномерное оборудование Distance Measuring Equipment
DTED	Жер бедерінің цифрлық асу деректері Цифровые данные превышения местности Digital Terrain Elevation Data
EASA	Еуропалық ұшу қауіпсіздігі агенттігі Европейское агентство по безопасности полетов European Union Aviation Safety Agency
EUROCAE	Азаматтық авиация жабдығы жөніндегі еуропалық ұйым Европейская организация по оборудованию для гражданской авиации



	European Organisation for Civil Aviation Equipment
FAA	АҚШ федералды авиациялық әкімшілігі Федеральная авиационная администрация США Federal Aviation Administration
FMS	Ұшуды басқару жүйесі Система управления полетом Flight Management System
FRT	Берілген радиусты бойлай бұрылу Переход с заданным радиусом Fixed Radius Transition
GBAS	Жерүсті функционалдық толықтыру жүйесі Наземная система функционального дополнения Ground-Based Augmentation System
GNSS	Ғаламдық навигациялық серіктік жүйе Глобальная навигационная спутниковая система Global Navigation Satellite System
GPS	Ғаламдық орналасуын анықтау жүйесі Глобальная система определения местоположения Global Positioning System
GRAS	Жерүсті аймақтық функционалдық толықтыру жүйесі Наземная региональная система функционального дополнения Ground-Based Regional Augmentation System
IRS	Инерциялық негізгі жүйе Инерциальная опорная система Inertial Reference System
IRU	Инерциялық негізгі блок (инерциялық өлшегіш) Инерциальный опорный блок (инерциальный измеритель) Inertial Reference Unit
LNAV	Бүйірлік навигация Боковая навигация Lateral Navigation
MCDU	Көпфункционалы басқару және индикация блогы Многофункциональный блок управления и индикации Multi-purpose Control and Display Unit
MSA	Секторда минималды абсолютті биіктік Минимальная абсолютная высота в секторе Minimum Sector Altitude
NAVAID	Навигациялық құрал Навигационное средство Navigation Aid
NSE	Навигациялық жүйенің қателігі Погрешность навигационной системы Navigation System Error
OEM	Жабдықтың бас дайындаушысы Головной изготовитель оборудования Original Equipment Manufacturer
RAIM	Қабылдағыштағы дербес тұтастықты бақылау Автономный контроль целостности в приемнике Receiver Autonomous Integrity Monitoring
RF	Радиус – бақылау нүктесі



	Радиус – контрольная точка Radius to Fix
RNAV	Аймақтық навигация Зональная навигация Area Navigation
RNP	Талап етілетін навигациялық сипаттамалар Требуемые навигационные характеристики Required Navigation Performance
SBAS	Серіктік функционалдық толықтыру жүйесі Спутниковая система функционального дополнения Satellite-Based Augmentation System
SID	Аспаптар бойынша ұшып шығудың стандартты бағыты Стандартный маршрут вылета по приборам Standard Instrument Departure
STAR	Аспаптар бойынша келудің стандартты бағыты Стандартный маршрут прибытия по приборам Standard Terminal Arrival Route
STC	Қосымша үлгі сертификаты Дополнительный сертификат типа Supplemental Type Certificate
TCDS	Үлгі сертификатының деректер картасы Карта данных сертификата типа Type Certificate Data Sheet
TSE	Жүйенің жиынтық қателігі Суммарная погрешность системы Total System Error
VNAV	Тік навигация Вертикальная навигация Vertical Navigation
VOR	Бағытсыз ОВЖ радиомаягы Всенаправленный ОВЧ-радиомаяк VHF Omnidirectional Range

НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES

Нормативтік құжат / Нормативный документ (НД) / Referenced Document	Бекіту / Утверждение / Approval
Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации On the Use of the Airspace of RK and Aviation Activities	Заң № 339-IV (15.07.2010) Закон № 339-IV (15.07.2010) Law No. 339-IV (15.07.2010)
Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға арналған сертификаттау талаптары Сертификационные требования к эксплуатантам гражданских воздушных судов Certification Requirements for Civil Aircraft Operators	Бұйрық № 153 (24.02.2015) Приказ № 153 (24.02.2015) Order No. 153 (24.02.2015)
Азаматтық әуе кемелері пайдаланушысының сертификатын беру және сертификаттау ережелері Правил сертификации и выдачи сертификата эксплуатанта гражданских воздушных судов Rules for Certification and Issuance of AOC	Бұйрық № 1061 (10.11.2015) Приказ № 1061 (10.11.2015) Order No. 1061 (10.11.2015)
Правила допуска к полетам эксплуатантов авиации общего назначения Правила допуска к полетам эксплуатантов авиации общего назначения Rules for Admission to Flights of General Aviation Operators	Бұйрық № 1023 (30.10.2015) Приказ № 1023 (30.10.2015) Order No. 1023 (30.10.2015)
Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуларды орындау қағидалары Правила производства полетов в гражданской авиации Республики Казахстан Rules of Civil Aviation Operations	Бұйрық № 509 (28.07.2017) Приказ № 509 (28.07.2017) Order No. 509 (28.07.2017)
Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшу жұмысын ұйымдастыру қағидалары Правила по организации летной работы в ГА РК Rules for Organization of Flight Operations	Бұйрық № 307 (20.03.2015) Приказ № 307 (20.03.2015) Order No. 307 (20.03.2015)
Ұшу экипажы мүшелерін ұшуларға жіберу қағидалары Правила допуска членов экипажа к полетам Rules for Admission of Crew Members to Flights	Бұйрық № 308 (20.03.2015) Приказ № 308 (20.03.2015) Order No. 308 (20.03.2015)
Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік авиациясы әуе кемелері экипажы мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын ұйымдастыру қағидалары Правила организации рабочего времени и отдыха членов экипажей воздушных судов гражданской и экспериментальной авиации Республики Казахстан Rules for Work/Rest Time of Crew Members	Бұйрық № 250 (27.02.2015) Приказ № 250 (27.02.2015) Order No. 250 (27.02.2015)
Авиациялық персоналға біліктілік талаптары Квалификационные требования к авиационному персоналу Qualification Requirements for Aviation Personnel	Бұйрық № 362 (13.06.2011) Приказ № 362 (13.06.2011) Order No. 362 (13.06.2011)

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиациялық персоналдың кәсіби даярлығының үлгілік бағдарламалары Типовые программы профессиональной подготовки авиационного персонала, участвующего в обеспечении безопасности полетов Standard Professional Training Programs	Бұйрық № 764 (28.09.2013) Приказ № 764 (28.09.2013) Order No. 764 (28.09.2013)
Авиациялық персонал куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары Правила выдачи и продления срока действия свидетельств авиационного персонала Issuance/Extension of Aviation Personnel Certificates	Бұйрық № 750 (26.09.2013) Приказ № 750 (26.09.2013) Order No. 750 (26.09.2013)
Азаматтық әуе кемелерінде ауа арқылы қауіпті жүктерді тасымалдау нұсқаулығын бекіту туралы Об утверждении Инструкции по перевозке опасных грузов по воздуху на гражданских воздушных судах Transportation of Dangerous Goods by Air	Бұйрық № 371 (21.06.2017) Приказ № 371 (21.06.2017) Order No. 371 (21.06.2017)
Азаматтық әуе кемелері пайдаланушылары үшін ұшу қауіпсіздігін басқарудың үлгілік нұсқаулары Типовые инструкции по управлению безопасностью полетов эксплуатантов гражданских воздушных судов Standard SMS Instructions for Operators	Бұйрық № 173 (28.03.2011) Приказ № 173 (28.03.2011) Order No. 173 (28.03.2011)
Әуе көлігінде жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдау қағидаларын бекіту туралы Об утверждении Правил перевозки пассажиров, багажа и грузов на воздушном транспорте Carriage of Passengers, Baggage and Cargo by Air	Бұйрық № 540 (30.04.2015) Приказ № 540 (30.04.2015) Order No. 540 (30.04.2015)
Процедура по проведению проверок по поддержанию летной годности воздушных судов Процедура по проведению проверок по поддержанию летной годности воздушных судов Procedure for survey of continuing airworthiness management of aircraft	ААК-AIR-P.0518 ААК-AIR-P.0518 ААК-AIR-P.0518
Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды сертификаттау бойынша авиациялық инспекторларға арналған Нұсқамалық материал. Пайдаланушы сертификаты (ПС) Инструктивный материал для авиационных инспекторов по сертификации эксплуатантов гражданских воздушных судов. Сертификат эксплуатанта (СЭ) Guidance material (gm) for aviation inspectors on certification of civil aircraft operators. Air Operator Certificate (AOC)	ААК-OPS-M.0409 ААК-OPS-M.0409 ААК-OPS-M.0409
Авиациялық инспекторларға арналған сипаттамаларға негізделген навигацияны (PBN) қолдана отырып ұшуға рұқсат беру және қадағалау жөніндегі нұсқаулық материал Инструктивный материал по допуску и надзору за выполнением полетов с использованием навигации, основанной на характеристиках (PBN) для авиационных инспекторов Guidance material on the approval and oversight of performance-based navigation (PBN) operations for aviation inspectors	ААК-OPS-P.0420 ААК-OPS-P.0420 ААК-OPS-P.0420
Азаматтық әуе кемелері пайдаланушысының РПП-ін тексеру бойынша нұсқаулық материал Инструктивный материал по проверке РПП эксплуатанта гражданских воздушных судов	ААК-OPS-F.0409A ААК-OPS-F.0409A ААК-OPS-F.0409A

Guidance material for inspection the OM of a civil aircraft operator	
Демонстрациялық және арнайы демонстрациялық ұшулар бойынша нұсқаулық материал Инструктивный материал по демонстрационным и специальным демонстрационным полетам Guidance material for demonstration and special demonstration flights	AAK-OPS-P.0414 AAK-OPS-P.0414 AAK-OPS-P.0414
Ұзартылған ауытқу уақытындағы ұшу операциялары (EDTO) бойынша нұсқаулық материал Инструктивный материал по операциям при увеличенном времени ухода на запасной аэродром (EDTO) Guidance Material on Extended Diversion Time Operations (EDTO)	AAK-OPS-P.0405 AAK-OPS-P.0405 AAK-OPS-P.0405
Төмен көріну жағдайындағы ұшу операциялары (LVO) бойынша нұсқаулық материал Инструктивный материал по операциям при низкой видимости (LVO) Guidance Material on Low Visibility Operations (LVO)	AAK-OPS-P.0406 AAK-OPS-P.0406 AAK-OPS-P.0406
Халықаралық әуе тасымалдарын реттеу жөніндегі нұсқаулық Руководство по регулированию международных воздушных перевозок Manual on the Regulation of International Air Transport	ICAO Doc 10085 ICAO Doc 10085 ICAO Doc 10085

БӨЛІМ А

А.1 Жалпы ережелер

1. Осы сипаттамаларға негізделген навигацияны (PBN) пайдалануға рұқсат беру жөніндегі техникалық нұсқаулық материал (бұдан әрі – Техникалық нұсқаулық материал) PBN пайдалана отырып ұшуды жоспарлайтын және орындайтын Қазақстан Республикасының пайдаланушыларына арналған.

2. Осы Техникалық нұсқаулық материалдың мақсаты пайдаланушыларға PBN пайдалану рұқсатын алуға дайындалу, қолданылатын талаптарға сәйкестігін растау және осындай сәйкестікті тұрақты негізде қамтамасыз ету бойынша практикалық басшылық беру болып табылады.

3. Осы Техникалық нұсқаулық материал мынадай мәселелер бойынша ұсынымдарды қамтиды:

- 1) қолданылатын навигациялық ерекшелікті айқындау;
- 2) жоспарланған PBN ұшуларына қолданылатын талаптарды айқындау;
- 3) әуе кемелерінің қолданылатын навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестігін растау;
- 4) пайдалану рәсімдерін әзірлеу;
- 5) персоналды даярлау мен біліктілігін қамтамасыз ету;
- 6) MEL-ге, навигациялық деректерге, техникалық қызмет көрсетуге және ұшу жарамдылығын сақтауға қатысты тиісті талаптарды қамтамасыз ету;
- 7) уәкілетті ұйымға өтініш пен растайтын құжаттаманы дайындау және ұсыну;
- 8) PBN пайдалану рұқсатына әсер етуі мүмкін өзгерістерді басқару;
- 9) қолданылатын талаптарға тұрақты сәйкестікті қамтамасыз ету.

4. Осы Техникалық нұсқаулық материал Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы заңнамасымен, қолданылатын нормативтік құқықтық актілермен және осы құжатта көрсетілген ИКАО құжаттарымен бірлесіп қолданылады.

Осы Техникалық нұсқаулық материалдың ережелері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қолданылады.

5. Осы Техникалық нұсқаулық материал ИКАО Doc 9613 «Сипаттамаларға негізделген навигация (PBN) жөніндегі нұсқаулықта» қамтылған тиісті навигациялық ерекшеліктердің талаптарын алмастырмайды.

6. Осы Техникалық нұсқаулық материалды қолдану кезінде:

- 1) ИКАО Doc 9613 тиісті навигациялық ерекшеліктің техникалық және пайдалану талаптарын айқындау үшін пайдаланылады;
- 2) ИКАО Doc 9997 PBN пайдалану рұқсатын дайындау және алу процесіне қатысты пайдаланылады;
- 3) ИКАО Doc 9905 RNP AR APCH конуға кірулерін орындауға дайындық кезінде қосымша қолданылады.

7. Уәкілетті ұйымның PBN пайдалану рұқсатын бағалау, беру немесе өзгерту және кейінгі қадағалау процесі ААК-OPS-P.0420 талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Осы Техникалық нұсқаулық материал пайдаланушыларға арналған техникалық басшылық болып табылады және уәкілетті ұйымның ішкі рәсімін алмастырмайды.

А.2 PBN тұжырымдамасы

1. PBN әуе қозғалысына қызмет көрсету маршруты, аспаптар бойынша ұшу схемасы немесе белгіленген әуе кеңістігі шегінде ұшу кезінде әуе кемесінің навигациялық сипаттамаларына қойылатын талаптарды айқындайды.
2. PBN тұжырымдамасы навигациялық ерекшеліктердің екі түрін қамтиды:
 - 1) RNAV ерекшеліктері;
 - 2) RNP ерекшеліктері.
3. RNP ерекшелігінің RNAV ерекшелігінен негізгі айырмашылығы – борттық навигациялық сипаттамаларды бақылау және ескертулер беру талабының болуы.
4. Навигациялық ерекшелік нақты ерекшелікке байланысты мынадай талаптарды айқындайды:
 - 1) навигациялық дәлдік;
 - 2) тұтастық;
 - 3) үздіксіздік;
 - 4) навигациялық жүйенің функционалдық мүмкіндіктері;
 - 5) пайдаланылатын навигациялық датчиктер;
 - 6) пайдалану рәсімдері;
 - 7) ұшу экипаждарын даярлау;
 - 8) тиісті навигациялық ерекшелікте белгіленген өзге де талаптар.
5. PBN ұшуларын бастамас бұрын пайдаланушы болжанатын маршрут, әуе кеңістігі немесе рәсім үшін қажетті навигациялық ерекшелікті айқындайды және оның талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етеді.

А.3 Пайдаланушының жауапкершілігі

1. Пайдаланушы тиісті операцияларды бастамас бұрын қолданылатын PBN талаптарына сәйкестікті және кейіннен осындай сәйкестіктің сақталуын қамтамасыз етуге жауапты болады.
2. Пайдаланушы мыналарды қамтамасыз етеді:
 - 1) мәлімделген әуе кемелерінің қолданылатын навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестігін;
 - 2) қажетті навигациялық жабдықтың және талап етілетін конфигурацияның болуын;
 - 3) әуе кемесінің қолданылатын құжаттамасында PBN ұшуларын орындауға қажетті навигациялық мүмкіндіктер туралы ақпараттың болуын;
 - 4) MEL-дің тиісті ережелерін;
 - 5) пайдалану рәсімдерін әзірлеуді және енгізуді;
 - 6) ұшуды орындау жөніндегі нұсқаулық пен SOP-қа қажетті ережелерді енгізуді;
 - 7) ұшу экипаждарын даярлау мен олардың біліктілігін;
 - 8) қолданылатын жағдайда функциялары PBN ұшуларымен байланысты өзге персоналды даярлауды;
 - 9) қолданылатын жағдайда навигациялық деректерді тиісінше басқаруды;
 - 10) техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығын сақтау рәсімдерін;
 - 11) PBN мүмкіндіктеріне әсер ететін өзгерістерді басқаруды;
 - 12) уәкілетті ұйымға толық және дұрыс ақпарат ұсынуды.
3. Әуе кемесінің белгілі бір навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестігін растау өздігінен қолданылатын пайдалану талаптары орындалмайынша PBN ұшуларын орындау үшін жеткілікті негіз болып табылмайды.

А.4 PBN пайдалану рұқсатын алу және өзгерту

1. Пайдаланушы қолданылатын талаптарда белгіленген жағдайларда тиісті PBN ұшуларын бастамас бұрын PBN пайдалану рұқсатын алады.
2. Уәкілетті ұйымға, атап айтқанда, мынадай жағдайларда жүгіну талап етіледі:
 - 1) PBN пайдалану рұқсатын алғаш рет алу;
 - 2) қосымша навигациялық ерекшелік бойынша ұшуды жоспарлау;
 - 3) RNP AR APCN қонуға кірулерін орындауды жоспарлау;
 - 4) егер оның қолданылатын навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестігі бұрынғы бағалаумен қамтылмаса, әуе кемесінің жаңа типін қосу;
 - 5) PBN талаптарына сәйкестікке әсер етуі мүмкін әуе кемесінің конфигурациясын немесе навигациялық жабдықты өзгерту;
 - 6) пайдалану рәсімдерін елеулі өзгерту;
 - 7) даярлау бағдарламасын елеулі өзгерту;
 - 8) навигациялық деректерді басқару тәртібін өзгерту;
 - 9) бұрын берілген PBN пайдалану рұқсатына әсер етуі мүмкін өзге өзгерістер.
3. Өзгеріс енгізілгенге дейін пайдаланушы оның қолданылатын талаптарға сәйкестікке әсерін бағалайды және уәкілетті ұйымның алдын ала бағалауы немесе рұқсаты қажет пе екенін айқындайды.

А.5 Өтініш

1. PBN пайдалану рұқсатын алу немесе өзгерту үшін пайдаланушы уәкілетті ұйымға белгіленген тәртіппен өтініш пен растайтын құжаттарды 1-қосымшаға сәйкес ұсынады.
2. Өтініште кемінде мыналар көрсетіледі:
 - 1) эксплуатанттың атауы;
 - 2) сұратылатын навигациялық ерекшелік;
 - 3) жоспарланған PBN ұшуларының сипаты;
 - 4) әуе кемесінің типі немесе типтері;

- 5) қолданылатын жағдайларда мәлімделген әуе кемелерінің тіркеу белгілері;
 - 6) әуе кемелерінің навигациялық жабдығы мен конфигурациясы туралы мәліметтер;
 - 7) қолданылатын жағдайларда бұрын алынған PBN пайдалану немесе арнайы мақұлдаулары туралы мәліметтер.
3. Өтінішке қолданылатын талаптарға сәйкестікті растайтын құжаттар мен мәліметтер қоса беріледі. Сұратылатын навигациялық ерекшелікке байланысты мұндай құжаттар мен мәліметтер мыналарды қамтуы мүмкін:
- 1) әуе кемесінің қолданылатын навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестігін растайтын AFM, AFMS немесе өзге де мақұлданған құжаттама;
 - 2) әуе кемесінің навигациялық жабдығы мен конфигурациясы туралы мәліметтер;
 - 3) ұшуды орындау жөніндегі нұсқаулықтың және стандартты пайдалану рәсімдерінің (SOP) қолданылатын ережелері;
 - 4) MEL;
 - 5) ұшу экипаждарын даярлау және тексеру бағдарламасы;
 - 6) басқа тиісті персоналды даярлау туралы мәліметтер;
 - 7) навигациялық деректерді басқару рәсімдері;
 - 8) техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығын сақтау рәсімдері;
 - 9) мәлімделген әуе кемелерінің тізбесі;
 - 10) қолданылатын жағдайларда бұрын алынған пайдалану немесе арнайы мақұлдаулары туралы мәліметтер;
 - 11) нақты навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестікті растау үшін қажетті өзге де құжаттар мен мәліметтер.
4. Эксплуатант ұсынылатын құжаттаманың толықтығын, өзектілігін және өзара сәйкестігін қамтамасыз етеді.

А.6 Әуе кемесінің жарамдылығы

1. Эксплуатант мәлімделген әуе кемесінің әрбір типінің және қажет болған жағдайда әрбір нақты әуе кемесінің қолданылатын навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестігін растайды.
2. Әуе кемесінің қолданылатын навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестігі әуе кемесінің типіне және орнатылған жабдыққа байланысты мынадай құжаттар арқылы расталуы мүмкін:
 - 1) AFM немесе AFMS;
 - 2) тип сертификаты немесе қосымша тип сертификаты және олармен байланысты мақұлданған құжаттама;
 - 3) әуе кемесін жасаушының құжаттамасы;
 - 4) навигациялық жабдықты жасаушының құжаттамасы;
 - 5) белгіленген талаптарға сәйкестікті растайтын құжат;
 - 6) қолданылатын талаптарға сәйкестікті растайтын өзге де құжаттама.
3. Ұсынылған құжаттама мыналарды айқындауға мүмкіндік беруі тиіс:
 - 1) әуе кемесі талаптарына сәйкес келетін навигациялық ерекшелікті;
 - 2) орнатылған навигациялық жабдықты;
 - 3) талап етілетін навигациялық датчиктер мен навигациялық ақпарат көздерін;
 - 4) навигациялық жүйенің функционалдық мүмкіндіктерін;
 - 5) белгіленген шектеулерді;
 - 6) талап етілетін конфигурацияны;
 - 7) қолданылатын жағдайларда пайдаланудың ерекше шарттарын.
4. Егер навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестік жабдықтың белгілі бір конфигурациясына, бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқасына немесе әуе кемесінің модификациясына байланысты болса, эксплуатант PBN пайдалану мақұлдауын алғаннан кейін осындай конфигурацияның сақталуын қамтамасыз етеді.

А.7 Пайдалану рәсімдері

1. Эксплуатант қолданылатын навигациялық ерекшелікке сәйкес ұшуларды орындау үшін қажетті рәсімдерді әзірлейді және оларды ҰЖН-ға және (немесе) SOP-қа енгізеді.

2. Пайдалану рәсімдері қолданылатын жағдайларда мыналарды қамтиды:

- 1) ұшу алдындағы жоспарлау;
- 2) талап етілетін навигациялық құралдар мен инфрақұрылымның қолжетімділігін тексеру;
- 3) әуе кемесінің жоспарланған PBN ұшуының талаптарына сәйкестігін тексеру;
- 4) навигациялық деректер базасының өзектілігін тексеру;
- 5) маршрутты немесе рәсімді енгізу және тексеру;
- 6) енгізілген деректерді өзара тексеру;
- 7) навигациялық жүйенің тиісті режимдерін пайдалану;
- 8) талап етілетін навигациялық сипаттамалардың сақталуын бақылау;
- 9) навигациялық жүйенің ескертулері іске қосылған кездегі іс-қимылдар;
- 10) талап етілетін навигациялық мүмкіндіктер нашарлаған немесе жоғалған кездегі іс-қимылдар;
- 11) штаттан тыс және авариялық жағдайлардағы іс-қимылдар;
- 12) әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарымен өзара іс-қимыл;
- 13) навигациялық деректердегі қателер анықталған кездегі іс-қимылдар;
- 14) қолданылатын навигациялық ерекшелікте көзделген өзге де рәсімдер.

3. Эксплуатанттың рәсімдері әуе кемесінің нақты конфигурациясына және орнатылған навигациялық жабдыққа сәйкес келуі тиіс.

А.8 Ең аз жабдықтар тізбесі (MEL)

1. Эксплуатанттың MEL-інде мәлімделген PBN ұшуларын орындау үшін қажетті жабдық пен функциялар ескеріледі.
2. PBN ұшуын орындағанға дейін эксплуатант әуе кемесінің нақты техникалық жай-күйін және MEL ережелерін ескере отырып, талап етілетін навигациялық мүмкіндіктердің болуын айқындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
3. Нақты навигациялық ерекшелікке сәйкес ұшуды орындау үшін қажетті жабдық немесе функция ақаулы болған кезде мұндай ұшуды орындау мүмкіндігі қолданылатын талаптар мен MEL ескеріле отырып айқындалады.

А.9 Персоналды даярлау және біліктілігі

1. Эксплуатант ұшу экипаждарын PBN ұшуларын орындауға жібергенге дейін олардың тиісті даярлығы мен құзыреттілігін қамтамасыз етеді.
2. Даярлау көлемі қолданылатын навигациялық ерекшелікке, орындалатын ұшулардың күрделілігіне және әуе кемесінде орнатылған жабдыққа байланысты айқындалады.
3. Ұшу экипаждарын даярлау қолданылатын жағдайларда мыналарды қамтиды:
 - 1) PBN тұжырымдамасы;
 - 2) қолданылатын навигациялық ерекшеліктің талаптары мен ерекшеліктері;
 - 3) орнатылған навигациялық жүйенің мүмкіндіктері мен шектеулері;
 - 4) пайдалану рәсімдері;
 - 5) ұшуды жоспарлау;
 - 6) маршруттар мен рәсімдерді енгізу және тексеру;
 - 7) талап етілетін навигациялық сипаттамалардың сақталуын бақылау;
 - 8) навигациялық жүйенің ескертулері мен индикациясы;
 - 9) штаттан тыс және авариялық жағдайлардағы іс-қимылдар;
 - 10) талап етілетін навигациялық мүмкіндіктер жоғалған немесе нашарлаған кездегі іс-қимылдар;
 - 11) навигациялық деректер базасын пайдалану;
 - 12) тиісті PBN рәсімдерін орындау ерекшеліктері.
4. Эксплуатант бастапқы және талап етілетін жағдайларда мерзімді даярлауды және құзыреттілікті тексеруді қамтамасыз етеді.

5. PBN ұшуларына байланысты функцияларды орындайтын өзге персонал өз міндеттеріне сәйкес келетін көлемде даярлаудан өтеді.

А.10 Навигациялық деректер

1. Егер PBN ұшуларын орындау борттық навигациялық деректер базасын пайдалануды көздейтін болса, эксплуатант өзекті және белгіленген талаптарға сәйкес келетін навигациялық деректердің пайдаланылуын қамтамасыз ететін рәсімдерді белгілейді.

2. Навигациялық деректерді басқару рәсімдері қолданылатын жағдайларда мыналарды қамтиды:

- 1) навигациялық деректер базасын алу және жаңарту;
- 2) қолданыстағы AIRAC циклін бақылау;
- 3) навигациялық деректерді жүктеу;
- 4) навигациялық деректер базасының жай-күйі мен қолданылу мерзімін тексеру;
- 5) қателер немесе сәйкессіздіктер анықталған кездегі іс-қимылдар;
- 6) анықталған қателер туралы хабарлау;
- 7) навигациялық деректерді жеткізушінің немесе оларды өңдеу тәртібінің өзгерістерін басқару.

3. Егер навигациялық деректер қате, анық емес немесе жарияланған рәсімге сәйкес келмейді деп пайымдауға негіз болса, олар PBN рәсімін орындау үшін пайдаланылмайды.

А.11 Техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығын сақтау

1. Эксплуатант PBN ұшуларын орындау үшін пайдаланылатын навигациялық жүйелер мен жабдықтың ұшу жарамдылығын сақтауды қамтамасыз етеді.

2. Техникалық қызмет көрсету бағдарламасында және қолданылатын рәсімдерде әуе кемесінің қолданылатын навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестігі расталған жабдық, функциялар мен конфигурация ескеріледі.

3. Техникалық қызмет көрсету орындалғаннан, әуе кемесіне модификация жүргізілгеннен, жабдық ауыстырылғаннан, бағдарламалық қамтамасыз ету немесе конфигурация өзгертілгеннен кейін эксплуатант мұндай өзгерістің әуе кемесінің қолданылатын навигациялық ерекшелік талаптарына сәйкестігіне әсерін бағалайды.

4. Егер өзгеріс навигациялық ерекшелік талаптарына бұрын расталған сәйкестікке әсер етуі мүмкін болса, талап етілетін навигациялық мүмкіндіктердің сақталғаны расталғанға дейін тиісті PBN ұшулары орындалмайды.

А.12 Жекелеген навигациялық ерекшеліктер

1. Осы Техникалық нұсқаулық материалдың жалпы талаптарына қосымша эксплуатант ИКАО Doc 9613 құжатында белгіленген нақты навигациялық ерекшеліктің талаптарын орындауды қамтамасыз етеді.

2. Осы Техникалық нұсқаулық материал мынадай навигациялық ерекшеліктерге қолданылады:

- 1) RNAV 10;
- 2) RNAV 5;
- 3) RNAV 1 және RNAV 2;
- 4) RNP 4;
- 5) RNP 2;
- 6) RNP 1;
- 7) Advanced RNP (A-RNP);
- 8) RNP APCH;
- 9) RNP 0.3;
- 10) RNP AR APCH.

3. Әрбір мәлімделген навигациялық ерекшелік үшін эксплуатант мыналарға қойылатын қолданылатын талаптарды айқындайды және құжаттайды:

- 1) әуе кемесінің сәйкестігіне;

- 2) навигациялық жабдыққа және оның функционалдық мүмкіндіктеріне;
- 3) пайдалану рәсімдеріне;
- 4) MEL-ге;
- 5) персоналды даярлауға;
- 6) қолданылатын жағдайларда навигациялық деректер базасына және навигациялық деректерді басқаруға;
- 7) техникалық қызмет көрсетуге және ұшу жарамдылығын сақтауға;
- 8) тиісті навигациялық ерекшелікте көзделген өзге де элементтерге.

4. Осы тараудың талаптары ICAO Doc 9613 құжатының тиісті бөлігімен бірге қолданылады.

A.13 RNP AR APCN

1. RNP AR APCN қонуға кірулерін орындау үшін арнайы мақұлдау талап етіледі.
2. Эксплуатант уәкілетті ұйым берген қолданыстағы арнайы мақұлдаусыз RNP AR APCN қонуға кірулерін орындамайды.
3. Арнайы мақұлдауды алуға өтініш дайындау кезінде эксплуатант Қазақстан Республикасы заңнамасының, ИКАО Doc 9613, ИКАО Doc 9905 және осы Техникалық нұсқаулық материалдың қолданылатын талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етеді.
4. Эксплуатант мыналарды растайтын құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:
 - 1) әуе кемесінің RNP AR APCN талаптарына сәйкестігін;
 - 2) әуе кемесінің талап етілетін конфигурациясын;
 - 3) тиісті пайдалану рәсімдерінің болуын;
 - 4) MEL-дің тиісті ережелерін;
 - 5) ұшу экипаждарын даярлау және олардың біліктілігін қамтамасыз ету бағдарламасын;
 - 6) навигациялық деректерді басқару рәсімдерін;
 - 7) техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығын сақтау рәсімдерін;
 - 8) жоспарланған RNP AR APCN қонуға кірулерінің талаптарына сәйкестігін;
 - 9) қолданылатын жағдайларда ұшу қауіпсіздігін бағалауды (FOSA) жүргізуді;
 - 10) арнайы мақұлдауды алу үшін қажетті өзге де талаптардың орындалуын.
5. Егер бұл қолданылатын талаптарда көзделсе немесе өтінішті қарау шеңберінде уәкілетті ұйым айқындаса, эксплуатант демонстрация немесе валидация жүргізуді қамтамасыз етеді.
6. Арнайы мақұлдауды алғаннан кейін эксплуатант RNP AR APCN қонуға кірулерін тек белгіленген шарттар мен шектеулер шегінде орындайды.

A.14 PBN пайдалану рұқсатына әсер ететін өзгерістер

1. Эксплуатант бұрын алынған PBN пайдалану мақұлдауының талаптарына сәйкестікке әсер етуі мүмкін өзгерістерді анықтау және бағалау процесін белгілейді.
2. PBN пайдалану мақұлдауына әсер етуі мүмкін өзгерістерге, атап айтқанда, мыналар жатады:
 - 1) әуе кемесінің жаңа типін енгізу;
 - 2) навигациялық жүйені өзгерту;
 - 3) навигациялық датчиктерді өзгерту;
 - 4) аппараттық немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді өзгерту;
 - 5) әуе кемесін модификациялау;
 - 6) MEL-ді өзгерту;
 - 7) ұшуды орындау жөніндегі нұсқаулықты немесе SOP-ты елеулі өзгерту;
 - 8) персоналды даярлау бағдарламасын өзгерту;
 - 9) навигациялық деректерді басқару тәртібін өзгерту;
 - 10) техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығын сақтау тәртібін өзгерту;
 - 11) орындалатын PBN ұшуларының сипатын өзгерту;
 - 12) әуе кемесінің немесе эксплуатанттың қолданылатын талаптарға сәйкестігіне әсер ететін өзге де өзгерістер.
3. Өзгерісті енгізгенге дейін эксплуатант оны уәкілетті ұйымның алдын ала бағалау немесе мақұлдау қажеттілігін айқындайды.

4. Егер өзгеріс арнайы мақұлдаудың шарттарына әсер етсе, эксплуатант осындай өзгерісті ескере отырып ұшуларды орындағанға дейін уәкілетті ұйымға жүгінеді.

A.15 Тұрақты сәйкестік

1. PBN пайдалану мақұлдауын алу эксплуатантты қолданылатын талаптарға тұрақты сәйкестікті қамтамасыз ету міндетінен босатпайды.
2. Эксплуатант мыналарды тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді:
 - 1) әуе кемелерінің конфигурациясын;
 - 2) талап етілетін жабдықтың жарамдылығын;
 - 3) MEL-дің сәйкестігін;
 - 4) персоналдың біліктілігі мен құзыреттілігін;
 - 5) навигациялық деректер базасының өзектілігін;
 - 6) пайдалану рәсімдерінің тиімділігін;
 - 7) техникалық қызмет көрсетуді және ұшу жарамдылығын сақтауды;
 - 8) PBN талаптарына сәйкестікке әсер ететін өзгерістерді.
3. Эксплуатант PBN ұшуларын орындауға байланысты оқиғаларды тіркеу, талдау және талап етілетін жағдайларда олар туралы хабарлау рәсімдерін белгілейді.
4. Атап айтқанда, мыналар талдауға жатады:
 - 1) елеулі навигациялық қателер;
 - 2) белгіленген траекториядан ауытқулар;
 - 3) талап етілетін навигациялық сипаттамалардың жоғалуы;
 - 4) талап етілетін навигациялық сипаттамаларды қамтамасыз ету мүмкін еместігі туралы ескертулердің іске қосылуы;
 - 5) навигациялық деректер базасындағы қателер;
 - 6) ұшу экипаждарының қайталанатын қателері;
 - 7) PBN талаптарына сәйкестікке әсер ететін жабдықтың істен шығуы немесе ақаулары.
5. Талдау нәтижелері бойынша эксплуатант тиісті түзету шараларын қабылдайды.

A.16 Құжаттама және жазбалар

1. Эксплуатант қолданылатын PBN талаптарына сәйкестікті құжаттауды және тиісті жазбалардың сақталуын қамтамасыз етеді.
2. Құжаттама қолданылатын жағдайларда мыналарды қамтиды:
 - 1) әуе кемелерінің қолданылатын навигациялық ерекшеліктер талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;
 - 2) әуе кемелерінің тізбесі және олардың тиісті конфигурациясы туралы мәліметтер;
 - 3) ұшуды орындау жөніндегі нұсқаулықтың және SOP-тың қолданылатын ережелері;
 - 4) MEL;
 - 5) персоналды даярлау және оның біліктілігі туралы жазбалар;
 - 6) навигациялық деректерді басқаруға байланысты жазбалар;
 - 7) техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығын сақтау жөніндегі жазбалар;
 - 8) өзгерістерді басқару жөніндегі құжаттар;
 - 9) PBN ұшуларын орындауға байланысты оқиғалар және қабылданған түзету шаралары туралы мәліметтер;
 - 10) алынған пайдалану немесе арнайы мақұлдауды растайтын құжаттар.
3. Эксплуатант бастапқы бағалау, өзгерістерді қарау кезінде және тұрақты қадағалау шеңберінде уәкілетті ұйымға ұсыну үшін тиісті құжаттар мен жазбалардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

A.17 Қорытынды ережелер

1. Эксплуатант қолданылатын навигациялық ерекшеліктің өзекті редакциясына сәйкестікті қамтамасыз етеді және бұрын алынған PBN пайдалану мақұлдауына әсер етуі мүмкін талаптардың өзгерістерін ескереді.

2. Егер нақты навигациялық ерекшелік, әуе кеңістігі, маршрут немесе рәсім үшін қосымша талаптар белгіленсе, эксплуатант тиісті ұшуларды орындауды бастағанға дейін олардың орындалуын қамтамасыз етеді.
3. Қолданылатын навигациялық ерекшелікті, PBN пайдалану мақұлдауын алу немесе өзгерту тәртібін айқындау не жоспарланған өзгерістердің бұрын алынған пайдалану мақұлдауына әсерін бағалау қажет болған жағдайда эксплуатант уәкілетті ұйымға жүгінеді.

РАЗДЕЛ В

В.1 Общие положения

1. Настоящий Технический инструктивный материал по эксплуатационному утверждению навигации, основанной на характеристиках (PBN) (далее – Технический инструктивный материал), предназначен для эксплуатантов воздушных судов Республики Казахстан, планирующих выполнение или выполняющих полеты с использованием PBN.

2. Целью настоящего Технического инструктивного материала является предоставление эксплуатантам практического руководства по подготовке к получению эксплуатационного утверждения PBN, подтверждению соответствия применимым требованиям и обеспечению постоянного соответствия после получения такого утверждения.

3. Настоящий Технический инструктивный материал содержит рекомендации по:

- 1) определению применимой навигационной спецификации;
- 2) определению требований, применимых к планируемым полетам PBN;
- 3) подтверждению соответствия воздушных судов требованиям применимой навигационной спецификации;
- 4) разработке эксплуатационных процедур;
- 5) обеспечению подготовки и квалификации персонала;
- 6) обеспечению соответствующих требований к MEL, навигационным данным, техническому обслуживанию и поддержанию летной годности;
- 7) подготовке и представлению в уполномоченную организацию - АО «Авиационная администрация Казахстана» (далее - уполномоченная организация) заявления и подтверждающей документации;
- 8) управлению изменениями, способными повлиять на эксплуатационное утверждение PBN;
- 9) обеспечению постоянного соответствия применимым требованиям.

